

**Риддер аграрлық техникалық колледжінің
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№4 хаттамасы**

22.10.2020 ж.

Қатысқандар – 8 адам

Қатыспағандар – 3

Шақырылғандар:

- директордың ТІ жөніндегі орынбасарының м.а. Аманбаева С.К.
- директордың ОІ жөніндегі орынбасарының м.а. Пенькова Т.В.
- КБЖЖО кабинетінің жетекшісі Сергеева Н.В.

Күн тәртібі:

1. Колледжге қабылдау нәтижелері туралы ақпарат
КБЖЖО бөлімінің жетекшісі Сергеева Н.В.
2. 2020-2021 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамына
кандидатураларды қарау
Кеңес төрағасы Коломоец Н.И.
3. 2019-2020 оқу жылы бойынша колледж жұмысын қорытындылау
директордың ОІ жөніндегі орынбасарының м.а. Пенькова Т.В.

Отырыс барысы:

Бірінші сұрақ бойынша Сергеева Н.В. тыңдалды, ол қатысушыларға оқуға жалпы қабылдау 287 студентті құрағанын айтты, оның ішінде күндізгі оқу түрі бойынша - 225 студент, сырттай оқу түрі бойынша – 62 студент.

Кәсіптік бағдарлау жұмысы, өкінішке орай, толық көлемде жүргізілген жоқ, өйткені пандемия және шектеу шаралары кезеңінде оқу орындары қашықтықтан оқыту режиміне көшті.

Бірінші жартыжылдықта мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдарлау бойынша түсіндірме әңгіме және сауалнама жүргізілді.

Пандемия кезінде барлық кәсіби бағдар беру жұмыстары әлеуметтік желілер, сайт арқылы, онлайн-режимде жүргізілді. Мамыр айының соңында кәсіби бағдар және қабылдау бойынша тікелей эфир өткізілді.

Құжаттарды және оқуға қабылдау ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №197 бұйрығымен өзгертулер енгізумен 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына,

2020 жылғы 13 шілдедегі №297 бұйрыққа және 2020 жылғы 16 шілдедегі №3030 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 18 қазандағы №3578 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

Екінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Н.И. Коломоец тыңдалды, ол 2019-2020 оқу жылындағы жұмыстың қорытындысын шығарып, жұмыс жоспарына сәйкес барлық мәселелерді қамтыды. Қамқоршылық кеңестің жұмысын қанағаттанарлық деп санауды ұсынды.

Кеңес жұмысының ережелеріне сәйкес оның құрамынан өндірістік және жеке себептер бойынша Н.И. Коломец, О.А. Беляев, А.С. Жумадилов, Г.Н. Нагавицын, Е.В. Макаренко, О.Б. Таранцева, Ю.П. Ардалионова шығарылды.

Үшінші мәселе бойынша Т.В. Пенкова тыңдалды, ол қатысушыларға 2019-2020 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының жоспары 2020 жылдың ақпанына дейін орындалғанын хабарлады.

Барлық құрылымдық бөлімшелердің есептері бойынша 1 семестрде жоспарлы іс-шаралар өткізілді. Екінші семестрде төтенше жағдайдың енгізілуіне және қашықтан жұмыс режиміне ауысуға байланысты барлық белгіленген міндеттерді объективті себептер бойынша толық көлемде іске асыру мүмкін болмады. Алайда, жедел жоспарлау шеңберінде оқу үдерісі және оны ұйымдастырумен байланысты қажетті ұйымдастырушылық іс-шаралар қашықтықтық технологияларды қолдана отырып жүргізілді.

Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейтуге ерекше көңіл бөлінді. Патриотизм, өнеге мен адамгершілік нормалары, ұлтаралық келісім мен төзімділік, дене мен рухани даму, заңға бағыну сияқты құндылықтарды дарыту жөніндегі жұмыс жалғастырылды. ҚІБ өкілдерімен бірге зиянды әдеттердің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіледі: темекі шегу, алкоголь және есірткі қолдану. Педагогикалық ұжым жұмысының маңызды бағыты жетім балаларды қолдау болып табылады.

Әлеуметтік әріптестік аясында жұмыс бағыттары жетілдірілуде. Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес оқу және өндірістік іс-тәжірбелер өткізілді. Жұмыс берушілердің спектрі кеңеюде. Төленетін жұмыс орындарында тәжірибеден өтетін студенттер саны артып келеді. Жұмысшы біліктіліктері берілді.

2020 жылы «Риддер аграрлық техникалық колледжі» КМҚК «Жас маман» республикалық жобасының қатысушысы болды, оның мақсаты республиканың 180 колледждерінің материалдық-техникалық негізін жаңғырту және нығайту, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие 100 мамандық бойынша бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады. Құзыреттілік орталығының негізінде біздің облыстың басқа колледждерінің оқытушылары мен студенттерін оқыту және біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Бүгінгі таңда «Жас маман» жобасы аясында құзыреттілік орталығының 8 зертханасын заманауи жабдықтармен жарақтандыру жүргізілуде, барлығы 56 жабдық атауын жеткізу жоспарлануда.

Қабылданды:

1. Қабылдау қорытындысы бойынша ақпарат назарға алынсын. Кәсіптік бағдарлау жұмысының сапалы ұйымдастырылуын атап өту. Әлеуметтік серіктестермен және студенттердің ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жандандыру. Облыс бойынша кәсіптік бағдарлау жұмысының географиясын кеңейту.

2. 2021 жылға Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамына енгізу үшін жаңа кандидатуралар бекітуге қабылдансын, кеңестің келесі отырысында кеңес төрағасы мен хатшыны бекіту және сайлау рәсімі жүзеге асырылсын. Қамқоршылық кеңестің жұмысы және қабылданған шешімдер туралы ақпарат колледж сайтында «Қамқоршылық кеңес» бетінде орналастырылады.

3. Колледждің 2019-2020 оқу жылындағы жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, материалдық-техникалық негізді нығайту, «Жас маман» бағдарламасын іске асыру және т.б. жөніндегі жұмысты ескере отырып, өткен оқу жылындағы колледж қызметі қанағаттанарлық деп есептелсін.


Члены Попечительского Совета КГКП «Риддерский аграрно-технический колледж»

1. Коломоец Николай Иванович



2. Беляев Олег Александрович


3. Жумадилов Асылбек Сайлауханович



4. Орсаинов Кайырды Абуевич




5. Донцова Евгения Андреевна




6. Мухтаров Данияр Маратұлы


7. Нагавицин Григорий Николаевич



8. Еrsaинов Асет Еrsaинович



9. Макаренко Елена Васильевна



10. Таранцева Олеся Борисовна

11. Ардалионова Юлия Петровна